

Шымкент қаласы бойынша Тексеру комиссиясымен жүргізілген "Шымкент қаласы Абай ауданы әкімінің аппаратына бюджеттен бөлінген қаражаттың пайдалану тиімділігіне аудит жүргізу" аудиторлық іс-шарасы қорытындысы бойынша «Шымкент қаласының Абай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапты қызметкерлерімен өткізілген дөңгелек үстелдің

ХАТТАМАСЫ

Шымкент қ.

№ 58

05. қазан 2022 жыл

Тексеру комиссиясының мүшесі Ж. Сәдібеков төрағалық етті.

Хатшы – Н. Умирбаев

Қатысқандар: Тексеру комиссиясының қызметкерлері,

Дөңгелек үстелге шақырылғандар: Шымкент қаласы Абай аудан әкімінің орынбасары Н. Тлеш, Шымкент қаласы Абай ауданы әкімінің орынбасарлары, Шымкент қаласы Абай ауданы әкімі аппаратының басшысы, Шымкент қаласы Абай ауданы әкімдігінің бөлім басшылары және қызметкерлері (тізімге сәйкес).

Күн тәртібі:

1. Шымкент қаласы Абай ауданы әкімінің аппаратына бюджеттен бөлінген қаражатты пайдалану кезінде анықталған бұзушылықтар және оларды болдырмау.

Ж.Сәдібеков: Дөңгелек үстелдің мақсаты мен маңыздылығы туралы және "Шымкент қаласы Абай ауданы әкімінің аппаратына бюджеттен бөлінген қаражаттың пайдалану тиімділігіне аудит жүргізу" аудиторлық іс-шарасының қорытындысы бойынша қысқаша айтып өтті.

Б. Парманов: Дөңгелек үстелде көтеріліп отырған тақырыптың өте қажеттігі және дер кезінде өткізіліп жатқандығы туралы айтты. Сонымен қатар, Абай ауданындағы атқарылып жатқан жұмыстары, Тексеру комиссиясы тарапынан жүргізілген аудиторлық іс шара нәтижесімен толық келісетіндігі және Абай ауданы әкімшілігі алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарды жандандыра түсетіндігі туралы атап өтті.

Н.Умирбаев - Тексеру комиссиясының бас маманы-мемлекеттік аудитор:

Н.Умирбаев өз баяндамасында аудит қорытындысы бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде аудит объектілері

тарапынан бухгалтерлік есеп туралы Занның 5-бабының 2-тармағын, Бюджет Кодексінің 155-бабының 2-тармағын, Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларының» 3-тарауының 17-тармағын бұза отырып (бухгалтерлік есеп деректерімен сәйкес келмеу, бастапқы бухгалтерлік құжаттармен расталмау) шоғырландырылған қаржылық есептілік пен бухгалтерлік есептің деректері арасында ауытқуға, бұрмалаулар мен сәйкессіздіктерге, яғни қаржылық бұзушылықтарға жол берілгендігін атап өтті.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Кодексінің 3-бабы 1-тармағының 14-2)-тармақшасы, 4-бабының 6),9),12),13),14) - тармақшаларының, мемлекеттік сатып алу туралы түзілген шарттың 3-тармағының, 3.5)-тармақшасының, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы №423 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидаларын бекіту туралы» қағиданың 3 тараудың 6 тармақшасы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» қағидасының 5- тарау, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4-желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабы, 2), 6)-тармақтарының талаптары бұзылып, нәтижесінде, есептіліктерге ауытқу беріліп, бірнеше қаржы бұзушылықтарға жол берілген, сонымен қатар, жыл басында дұрыс жоспарланбағаннан тиімсіз жоспарлау орын алған. Бақылау өлшем бірліктерін жүргізу барысында спорт және балалар алаңшаларында кирап, сынып жатқан элементтері және жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу жөніндегі қызметтерде эксковатор жұмыстары сметаға сәйкес атқармағандығы анықталғандығын атап өтті.

Сөз сөйлегендер: Шымкент қаласы Абай ауданы әкімінің орынбасары Н. Тлеш және басқалар талқыланып отырған мәселеге байланысты өз ой-пікірлерін айтып өтті.

Баяндамашы және сөз сөйлегендер бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау барысында және атқарылатын жұмыстар бойынша анықталған кемшіліктері және жиі қайталанатын бұзушылықтарға тоқталып, алдағы уақытта оларды болдырмау мақсатында жауапты қызметкерлері тарапынан атқарылатын іс-шаралар туралы өздерінің пікірлері мен ұсыныстарын талқыға салды.

Дөңгелек үстелде көтерілген мәселелер бойынша Тексеру комиссиясы қызметкерлері қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес түсіндірмелер мен ұсыныстарын айтты.

Дөңгелек үстел қорытындысымен шешім етті: Баяндамашының, қосымша сөз сөйлегендердің ұсыныс-пікірлері және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу» Заңы, Бухгалтерлік есеп туралы Заңның талаптары және Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидалары» бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау және Шымкент қаласының Абай ауданында атқарылатын жұмыстар барысында басшылыққа алынсын.

Төраға



Ж.Сәдібеков

Хатшы



Н.Умирбаев

**Шымкент қаласының
Абай аудан әкімінің
орынбасары**



Н. Тлеш